

ОЖСӨЖ тақырып №1: Қазақ этнолингвистикасы

Сабақтың мақсаты: Студенттерге қазақ этнолингвистикасы туралы түсінік беру

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақ тіл этнолингвистикасының зерттелуіне шолу.
2. Қайдар. Қазақ қандай халық? Сұрағына жауап табу.
3. Ә.Қайдардың қазақ этнолингвистикасы туралы жазған еңбектеріне тоқталу.

Тапсырма: «Этнолингвистика» терминінің анықтамасын айтыңыз?

1. Этнолингвистикаға қатысты ғалымдардың пікірін келтіріңіз
2. Этнолингвистика нені зерттейді?
3. Ә. Қайдар келтірген «этнос болмысы» анықтамасын түсіндіріңіз.

Этнолингвистика — этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да — «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол — этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 3 апта